Директорлар кеңесі атапты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні бойында шешім қабылдауға және осындаш шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты ұсынған адамға Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақыру туралы не оны шақырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге тиіс. Қойылған талапқа сәйкес Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақырған кезде Директорлар кеңесі Жалпы жиналыштың күн тәртібін өз қарауымен кез-келген сұрақтармен толықтыруға құқылы.

9.9. Акционерлердің жалпы жиналышын даярлау және өткізуі Қоғамның Басқармасы, онымен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі, Директорлар кеңесі, сондай-ақ Қоғам тарапын жатқан жағдайда таратушы комиссия жузеге асырады.

9.10. Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған сұрақтардың толық тізбесінен тұруға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өз бетінше немесе басқа акционерлермен жиынтықта Қоғамның дауыс беретін 5 (бес) және одан көп пайыздагы акциясына ие акционер немесе Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін 15 (он бес) күннен кешіктірмей осындай толықтырулар туралы Қоғам акционерлері хабарланған жағдайда немесе Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіpte Директорлар көнесті толықтыра алады.

9.11. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда жауыс беруге құқығы бар акционерлер тізімін Қоғамның тіркеушісі Қоғам акциясын ұстаушылар тізілімі деректерінің негізінде құрастырады. Аталмыш тізімді құрастыратын күн Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылдаған күннен өртे белгіленуі мүмкін емес.

Егер тізім құрылғаннан кейін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқылы акционерлер тізіміне енгізілген тұлға Қоғамның өзіне тиесілі дауыс беретін акцияларын менишкітен шығарған болса, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге өтеді. Бұл ретте акцияларға менишкі құқығын растайтын құжаттар ұсынылуға тиіс.

9.12. Акционерлер Акционерлердің жалпы жиналысының алда өткізілетіні жайлы 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарландырылуға тиіс, ал сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда – Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей.

Қоғамның күн тәртібіне пруденциалық және Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында Қоғамның жарияланған акциялары санын арттыру туралы мәселе қосылған Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізген жағдайда, үәкілдегі мемлекеттік органның талабымен акционерлер алда Жалпы жиналыстың өткізілетіні жайлы 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарландырылуға тиіс, ал сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда – жиналыс өткізгенге дейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей.

9.13. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға не оларға жіберілуғе тиіс. Егер Қоғам акционерлерінің саны 50 (елу) акционерден аспайтын болса, хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жолдау жолымен жеткізілуғе тиіс.

Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама тізбесі Қазақстан Республикасы заңнамасында айқындалатын мәліметтерден тұруға тиіс.

9.14. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысын өткізу Акционерлердің бірінші (өтпей қалған) жалпы жиналысын өткізудің белгіленген күннен кейін келесі күннен өртے уақытқа қойыла алмайды.

Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысы өтетін жерде өткізілуғе тиіс. Қайтадан өтетін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өтпей қалған Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінен ерекшеленбеуға тиіс.

9.15. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан көшілік дауыспен жүзеге асырылады. Күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар, егер оларды енгішүү үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы және жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының кем дегенде 95 (тоқсан бес) пайызына ие акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көшілігі дауыс берсе, енгізілуі мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру жолымен шешім қабылдағанда Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертуі және (немесе) толықтырылуы мүмкін емес.

9.16. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібі сұрактары бойынша материалдар аталмыш мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажет көлемдегі ақпараттан тұруға тиіс. Күн тәртібі сұрактары бойынша материалдардағы міндетті ақпарат тізбесі Қазақстан Республикасы заңнамасымен айқындалады. Акционерлердің

жалпы жиналышы күн тәртібі сұрақтары бойынша материалдар Акционерлердің жалпы жиналышын өткізетін күнге дейін он күннен кешіктірмей акционерлердің танысына дайын болуға тиіс, ал акционердің сұрауы болған жағдайда – сұрау алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні бойында сұрау алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні бойында оған жолдануға тиіс. Құжаттар көшірмелері мен құжаттарды жеткізуге кеткен шығынды акционер алады;

#### 9.17. Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу тәртібі:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналышын ашқанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі оның Акционерлердің жалпы отырысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын сенімхат көрсетуге тиіс. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
- 2) Акционерлердің жалпы жиналышы кворум бар болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналышы, барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп қойғанда, және де жиналышты ашу уақытының өзгеруіне қарсы болмаған жағдайды қоспағанда, хабарланған уақытынан ерте ашыла алмайды. Акционерлердің жалпы жиналышы, егер жиналышқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте оған қатысу үшін Акционерлердің жалпы жиналышына қатысуға және онда дауыс беруге құқылы, жиынтығында Қоғамның 50 (елу) және одан көп пайыз дауыс беруші акцияларына ие тізімге қосылған акционерлер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ осы жарғының 9 бабы 9.11 тармағына сәйкес акционерлер тізіміне кіргізілген тұлғадан акциялар сатып алған тұлғалар тіркелсе, күн тәртібі сұрақтарын қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

- 3) Акционерлердің жалпы жиналышы Жалпы жиналыштың төрағасының (төралқа) және хатшысының сайлауын өткізеді.

Акционерлердің жалпы жиналышы дауыс беру нысанын айқындайды – ашық немесе құпия (буллетендер бойынша). Акционерлердің жалпы жиналыштың төрағасын (төралқа) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс берген кезде әрбір акционер бір дауыска ие болады, ал шешім қатысушылардың санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

Басқарма мүшелері, жиналышқа қатысушы барлық акционерлер Басқармаға кіретін жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналышында төрагалық ете алмайды.

- 4) Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу барысында оның төрағасы қаралып жатқан мәселе бойынша пікірталасты тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауыс беруге шығаруға құқылы.

Төраганың күн тәртібі сұрағын талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөйлеуіне, мұндай сөйлеу Акционерлердің жалпы жиналыштың уақыт тәртібін бұзуга әкелетін немесе аталмыш мәселе бойынша пікірталас тоқталған кездегі жағдайларды қоспағанда, кедергі жасауға құқығы жоқ.

- 5) Акционерлердің жалпы жиналышы өз жұмысындағы үзіліс жайлы және жұмыс мерзімін ұзарту жайлы, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналышы күн тәртібіндегі жекелеген сұрақтарды қарауды келесі күнге қалдыру жайлы шешім қабылдауға құқылы.

- 6) Акционерлердің жалпы жиналышы күн тәртібінің барлық сұрақтарын қарап, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін жабық деп жариялана алады.

- 7) Акционерлердің жалпы жиналыштың хатшысы Акционерлердің жалпы жиналышы хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дәйектілігі үшін жауап береді.

- 9.18. Өтпей қалғаның орнына өткізілетін Акционерлердің қайталама жалпы жиналышы, егер:

- 1) кворум болмауы себебінен болмай қалған Акционерлердің жалпы жиналышын шакыру

- тәртібі сақталса;
- 2) тіркеу аяқталған сәтте оған қатысу үшін жиынтығында Қоғамның қырық және одан артық пайыз дауыс беруші акцияларына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), сонымен бірге сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелген болса, күн тәртібі сұраптарын қарауга және олар бойынша шешім шығаруға құқылы.
- 9.19. Акционерлere сырттай дауыс беру үшін бюллетендер жолданған жағдайда атальыш бюллетендермен ұсынылған және Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысы қатысушылары тіркелу сәтіне қарай алынған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындысын шығару кезінде ескеріледі.
- Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру жолымен өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда Акционерлердің қайталама жиналысы өткізілмейді.
- 9.20. Қоғамда есептік комиссия функциясын Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады. Егер Қоғам акционерлерінің саны жүз және одан артық болып шықса, Акционерлердің жалпы жиналысында Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Есептік комиссия сайланатын болады. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімі бойынша Есептік комиссия функциялары Қоғамның тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.
- 9.21. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасына, осы Жарғыга және Қоғамның ішкі қызметтің реттейтін өзге құжаттарға, не болмаса тікелей Акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен айқындалады.
- 9.22. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру жүргізу жолымен қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), не болмаса Акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізусіз қолданылуы мүмкін.
- 9.23. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетендер акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға Акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізетін күнге дейін, не болмаса Акционерлердің жалпы жиналысын өткізусіз сырттай дауыс беруге арналған дауыстарды есептеу күнінен дейін 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей жіберіледі (таратылады). Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайларда, Акционерлердің жалпы жиналысын өткізусіз сырттай дауыс беру кезінде Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетенінді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.
- 9.24. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетен мәліметтерден тұруға және Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес ресімделуге тиіс.
- 9.25. Егер бұрын сырттай дауыс беруге арналған бюллетенінді жіберіп қойған акционер аралас дауыс беру қолданылатын Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, Акционерлердің жалпы жиналысы кворумын айқындауда және күн тәртібі мәселелері бойынша дауыстарды санау кезінде оның бюллетені ескерілмейді.
- Дауыс беруге Жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу сәтінде не шешімдер Акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізусіз қабылданатын дауыс беру күніне қарай Қоғам алған бюллетендер қатысады.
- Сырттай дауыс беру нысанында қабылданатын шешімдер Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуға қажет кворумды сақтау кезінде жарамды болып табылады.
- 9.26. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге жеке тұлға – акционер атальыш тұлғаның жеке тұлғасын куәландыратын құжат жайлы мәліметтерді көрсетумен қол қоюға тиіс.
- Занды тұлға - акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы қол қоюп, занды тұлғаның мерімен расталуға тиіс (бар болған жағдайда).
- Жеке тұлға – акционер не занды тұлға – акционер басшысының қолы қойылмаған,

сондай-ақ занды тұлғаның мөрі соғылмаған бюллетенъ жарамсыз деп саналады (бар болған жағдайда).

Дауыстарды санау кезінде акционерлер бюллетенъде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының бірі ғана белгіленген мәселелер бойынша берілген дауыстар есептеледі.

9.27. Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидатымен жүзеге асырылады, бірақ оған мына жағдайлар жатпайды:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша берілетін дауыстардың ең жоғары санының шектелуі;
- 2) Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау кезінде шоғырланбалы дауыс беру;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығына ие әрбір тұлғага Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу дің процедуралық мәселелері бойынша бір-бір дауыстан беру.

9.28. Шоғырланбалы дауыс беру кезінде дауыстар Директорлар кеңесіне мүшелікке бір үміткер үшін толығымен берілуі немесе Директорлар кеңесі мүшелігіне бірнеше үміткер арасында бөлініп берілуі мүмкін. Директорлар кеңесіне ең көп дауыс алған үміткерлер сайланды деп танылады.

Егер көзбе-көз дауыс беру тәртібінде өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын болса, мұндай дауыс беруге арналған бюллетенъдер (бұдан әрі – көзбе-көз құпия дауыс беруге арналған бюллетенъдер) дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жеке мәселе бойынша жасалуға тиіс. Бұл ретте көзбе-көз құпия дауыс беруге арналған бюллетенъ мәліметтерден тұруға және Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес ресімделуге тиіс.

Көзбе-көз құпия дауыс беруге арналған бюллетенъдер бойынша дауыстарды есептеу кезінде дауыс берушілер бюллетенъде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша ғана берілген дауыстар есептеледі.

9.29. Дауыс беру қорытындысы бойынша есептік комиссия дауыс беру қорытындысы жайлы хаттама жасайды және қол қояды. Дауыс беру қорытындылары жайлы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасына қосылуға тиіс.

9.30. Дауыс беру қорытындылары дауыс беру жүргізілген Акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн бойында оларды бұқаралық аппарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жолдау жолымен акционерлерге жеткізіледі.

9.31. Акционерлердің жалпы жиналысынан хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні бойында жасалуы және қол қойылуы тиіс. Хаттамада көрсетілетін міндетті мәліметтер тізбесі және оған қол қою тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасында айқындалады.

9.32. Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасы дауыс беру қорытындылары жайлы хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге, сондай-ақ хаттамаға қол қоюға берілетін құқыққа сенімхаттармен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерін жазбаша түсіндірумен бірге тігіледі. Аталмыш құжаттарды Басқарма сақтауға және кез-келген уақытта танысу үшін акционерлерге берілуге тиіс. Акционердің талап етуімен оған Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

## 10 бап. Қоғамның директорлар кеңесі

10.1. Директорлар кеңесі – Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын

орган, оған заңнамамен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналышының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу жатпайды.

- 10.2. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасында өзгесі белгіленбесе, Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мына мәселелер жатады:
- 1) Қоғам қызметінің артықшылықты бағыттарын және Қоғам дамуының стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;
  - 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыштарын шақыру туралы шешім қабылдау;
  - 3) Жарияланған акциялар шегінде акциялардың орналастырылуы (өткізілуі), сонымен бірге орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны жайлы, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы жайлы шешім қабылдау;
  - 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды өтеуін төлеп алуы және олардың өтеуін төлеп алу бағасы жайлы шешім қабылдау;
  - 5) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
  - 6) Аудиторлық үйымның, ішкі аудит қызметі немесе актуарийдің аудиторлық есебі негізінде белгіленген Қоғамның қаржылық тұрақтылығы және төлемге қабілеттілігі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын бұзумен байланысты мәселелерді қарau;
  - 7) Директорлар кеңесі комитеттері жайлы ережені бекіту;
  - 8) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ олардың шығарылуы жайлы шешім қабылдау;
  - 9) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның Төрағасын және Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 10) Төраға мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық қызметақысы мен еңбекақылары және сыйақылары мөлшерін айқындау;
  - 11) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік ету мерзімін айқындау, басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін, Ішкі аудит қызметі жұмысшыларының екбекақысы мен сыйақы алу мөлшері мен шарттарын айқындау;
  - 12) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының еңбекақысы мөлшері мен сыйақы алу шарттарын айқындау;
  - 13) комплаенс – бақылаушы тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ комплаенс-бақылаушының лауазымдық қызметақысы мөлшері мен сыйақы берілу шарттарын айқындау;
  - 14) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық үйим, сондай-ақ Қоғам акцияларын төлеуге не ірі мәміле заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне төлем мөлшерін айқындау;
  - 15) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Басқарманың Қоғам қызметін үйімдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарын қоспағанда), сонымен бірге Қоғамның аукциондарын өткізуге және бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты да бекіту;
  - 16) филиалдар мен өкілдіктер ашу және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
  - 17) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының 10 (он) және одан жоғары пайызын сатып алуы туралы шешім қабылдау;
  - 18) акциясының 10 (он) және одан жоғары пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлесі) Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышы құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;
  - 20) Қоғам міндеттемелерін оның жеке капиталының мөлшерінен 10 (он) және одан артық пайызды құрайтын көлемге ұлғайту;

- 21) қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Қоғам және оның қызметі жайлы ақпаратты айқындау;
  - 22) ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескерумен мүдделілік танытатын мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
  - 23) Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін қалыптастыру;
  - 24) Акционерлердің жалпы жиналышына өткен қаржылық жыл ішіндегі өткен Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі туралы, Қоғамның бір қарапайым акциясына есептегендे дивиденд мөлшері жайлы ұсыныстарын қалыптастыру;
  - 25) Қоғамның бухгалтерлік есеп саясатын айқындау;
  - 26) Акционерлердің жалпы жиналышының ерекше құзыретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелер.
- 10.3. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер шешу үшін Басқармаға берілуі мүмкін емес.
- 10.4. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналышының шешімдеріне қайши келетін шешімдер қабылдауға құқысыз.
- 10.5. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.
- 10.6. Директорлар кеңесінің мүшелері:
- 1) жеке тұлға - акционерлер;
  - 2) Директорлар кеңесіне акционерлер мүдделерін танытушылар ретінде сайлауга ұсынылған (нұсқалған) тұлғалар;
  - 3) басқа тұлғалар (Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген шектеулерді ескерумен) арасынан сайланады.
- Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасының біліктілік және өзге талаптарына сәйкес келмейтін тұлға Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланады.
- 10.7. Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау шоғырланбалы дауыс берумен жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша толығымен бір үміткер үшін дауыс беруге немесе оларды Директорлар кеңесіне бірнеше үміткер арасында бөліп беруге құқылы. Директорлар кеңесіне ең көп дауыс санын жинаған үміткерлер сайланған деп есептеледі. Егер Директорлар кеңесі мүшелігіне екі және одан көп үміткер бірдей дауыс санын жинаса, атальыш үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.
- 10.8. Директорлар кеңесінің мүшесі болып Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционер мүдделерін танытушы ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (нұсқалмаған) жеке тұлға сайланады.
- Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайланады. Қоғамның Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланады.
- 10.9. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде 3 (үш) адамды құрауға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамынан кем дегенде 30 (отыз) пайыз тәуелсіз директорлар болуға тиіс.
- 10.10. Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасы заңнамасында өзгесі көзделмесе, шексіз мөлшерде бірнеше рет қайта сайланады.
- 10.11. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Акционерлердің жалпы жиналышы белгілейді.
- 10.12. Акционерлердің жалпы жиналышы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Акционерлердің жалпы жиналышының оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күнінен бастап тоқтатылады.
- Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасымен мерзімінен бұрын

тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің аталмыш хабарламасын алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған шоғырланбалы дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесі өкілеттігі мерзімінің аяқталуымен бірге өтеді.

10.13. Директорлар кеңесінің төрағасы мүшелер арасынан ашық немесе құпия дауыс берумен Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен сайланады.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің Төрағасын кез-келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

10.14. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Жарғымен белгіленген өзге функцияларды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

10.15. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы өзінің немесе Басқарма бастамасымен, не болмаса Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің, Қоғамдағы аудитті жүзеге асыруыш аудиторлық ұйымның, ірі акционердің, Ішкі аудит қызметінің талап етуімен шақырады.

10.16. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібінен тұратын сәйкес жазбаша хабарламаны жолдау жолымен Директорлар кеңесінің Төрағасына қойылады. Директорлар кеңесі Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталмыш талаппен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Басқармаға жүгінуге құқылы.

10.17. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап түсken күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруға тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы аталмыш талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақырумен жүргізіледі.

10.18. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды қоса тіркеумен Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу күніне дейін 1 (бір) күннен кешіктірмей жолдануға тиіс.

10.19. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум деп отырыста Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің санынан кем дегенде жартысы қатысуы есептеледі.

10.20. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері көзбе-көз, сырттай, не болмаса аралас дауыс берумен қабылданады.

10.21. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауыска ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырыста қатысушы Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілігімен қабылданады. Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасауды туралы шешімді оның жасалуына мүддесіз Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілігімен қабылданады. Қоғамның үлестес тұлғамен мәміле жасауды туралы шешім Қазақстан Республикасының сақтандыру туралы заннамасында белгіленген талаптарға сәйкес қабылданады.

Дауыстар тен түсken жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

10.22. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

10.23. Сырттай дауыс беру жолымен шешім белгіленген мерзімде алынған бюлletenъдерден алынатын кворум болған жағлайды қабылданған деп

танылады.Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, Директорлар кеңесінің хатшысы және Төрағасы қол қояды.Шешім ресімделген күннен бастап 20 (жиырма) күн бойында ол осы шешімнің қабылдануына негіз болған бюллетенъдерді қоса тіркеумен Директорлар кеңесі мүшелеріне жолдануға тиіс.

- 10.24.Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіпте өткізілген отырысында қабылданған оның шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны отырыста төрағалық еткен, және де Директорлар кеңесінің хатшысы отырыс өткізген күннен бастап 3 (үш) күн бойында жасалып, қол қойылуға тиіс.Хаттамада көрсетіletті міндettі мәліметтер тізбесі Қазақстан Республикасы заңнамасымен айқындалады.
- 10.25.Директорлар кеңесі мүшесінің Қоғам қызметі процестерімен танысу тәртібі, мерзімнен бұрын және кезекті ретінде қайта сайланған жағдайда Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін тоқтату тәртібі, өкілеттікті ерікті түрде тапсыру тәртібі, жүктелген міндettемелерді орындағаны үшін жауапкершілік шарапары, Директорлар кеңесі отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі сонымен қатар қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалуы мүмкін.
- 10.26.Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері Қоғамда сақталады.
- 10.27.Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуімен оған Директорлар кеңесі отырыссының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) Қоғамның үәкілетті жұмысшысының қолымен және Қоғам мөрінің баспа-таңбасымен куәландырылған хаттамадан және шешімнен үзінді жазба беруге міндettі.

## 11 бап. Қоғамның Басқармасы

- 11.1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты алқалық атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады.
- 11.2. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдары және лауазымды тұлғалары құзыretіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.
- 11.3. Басқарма Қоғамдағы Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндettі.
- 11.4. Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын және Басқарма мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық қызметақы мөлшерлерін, енбекақы мен сыйақы беру шарттарын айқындау Директорлар кеңесінің ерекше құзыretіне жатады.
- 11.5. Қоғамның акционерлері мен оның акционерлері болып табылмайтын жұмысшылары Басқарма мүшелері бола алады. Қоғам Басқармасының мүшесі болып Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасының біліктілік және өзге талаптарына сәйкес келмейтін тұлға сайланған алмайды. Қоғамның ірі қатысушысы Қоғамның Басқармасы Төрағасы лауазымына сайланған алмайды.  
Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс жасауға құқылы.
- 11.6. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндettтері Қазақстан Республикасы заңнамасында, Жарғыда, сондай-ақ Басқарма мүшесінің Қоғаммен жасайтын еңбек шартында айқындалады.
- 11.7. Басқарма Төрағасымен еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарма мүшелерімен еңбек шартына Қоғам Басқармасының Төрағасы қол қояды.

- 11.8. Басқарма құзыretіне осы Жарғыда және Қоғамның Акционерлерінің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қабылдаған өзге құжаттарда айқындалған Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық ету мәселелері жатады, оның ішінде:
- 1) Қоғамның оперативтік қызметіне басшылық ету, Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдері орындалуын қамтамасыз ету;
  - 2) әлеуетті инвесторларды іздеу және Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыру мәселелері бойынша олармен келіссөздер жүргізу;
  - 3) Қоғам филиалдарымен және өзге де бөлімшелерімен жұмыс саясатын дайындау және бекіту (пайдалылық, еңбекті төлеу қоры, кірістер мен шығыстар сметасы және басқ.);
  - 4) бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес қажет ақпаратты жариялау;
  - 5) Қоғам жүргізетін барлық операция түрлеріне бақылауды жүзеге асыру;
  - 6) қаржылық есептілікті даярлау;
  - 7) филиалдардың қаржы-экономикалық қызметі көрсеткіштерін белгілеу (сонымен бірге еңбекті төлеу қорын), өкілдіктердің кірістер мен шығыстар сметалары (сонымен бірге еңбекке төлеу қорын);
  - 8) уәкілетті мемлекеттік органмен, соңдай-ақ басқа да мемлекеттік органдармен және мемлекеттік емес үйімдармен және бірлестіктермен әрекеттестік мәселелерін шешу;
  - 9) Қоғамның мақсаттық және арнайы қорларын басқару;
  - 10) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілері және осы Жарғы Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғалары құзыretіне жатқызбаған өзге де мәселелер.

11.9. Басқарма отырыстары қажеттілік шамасына қарай Басқарма Төрағасының төрағалығымен, ол болғанда оның міндеттерін атқарушы Басқарма мүшесімен өткізіледі.

Басқарма, егер оның отырысында Басқарма мүшелері санынан кем дегенде жартысы катысып отыrsa, шешімдер қабылдауға құқылы.

Басқарма шешімдері отырыска катысушы Басқарма мүшелерінің көшілік даусымен қабылданады. Басқарма мүшелері дауыстыр тең тускен жағдайда шешуші дауыс құқығы Басқарма Төрағасына, ол болғанда оның міндеттерін атқаратын Басқарма мүшесіне тиесілі.

11.10. Басқарма Төрағасы:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімі орындалуын үйімдастырады;
- 2) Қоғам жұмысшыларының санын айқындайды;
- 3) үшінші тұлғаларға қатысты Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді, өз өкілеттігі шегінде барлық мәмілелер түрлерін жасайды, шарттар жасасады;
- 4) үшінші тұлғалармен қатынасында Қоғамды таныту құқығына сенімхаттар береді;
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілері және осы Жарғы Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі және Басқарма құзыretіне жатқызғандарды қоспағанда, Қоғамның ішкі құжаттарын айқындайды және бекітеді;
- 6) Қоғам жұмысшыларын қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шыгаруды жүзеге асырады (Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жазалау тағайындауды, Қоғам жұмысшыларының лауазымдық қызметақысы мөлшерлерін және Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес қызметақыларға дербес үстемелерді белглейді, Басқарма мүшелері мен Ішкі аудит қызметін қоспағанда, Қоғам жұмысшыларының сыйакы мөлшерлерін айқындайды;
- 7) Қоғамның барлық жұмысшылары орындауға міндетті Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты, сонымен бірге Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерін бақылау және орындау мәселелері бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады;
- 8) Қоғам жұмысшыларының кәсіптік даярлық және қайта даярлау жайлы мәселелерін шешеді;

- 9) Басқарма мүшелері арасында міндеттемелерді, сондай-ақ өкілеттік және жауапкершілік аяларын бөледі;
  - 10) өзі болмаған жағдайда өз міндеттемелерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
  - 11) Осы Жарғыда және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге функцияларды жүзеге асырады.
- 11.11.Басқарма Төрағасының шешімдері өкімдермен және бұйрықтармен ресімделеді.
- 11.12.Басқарма Төрағасы болмаған кезенде оның міндеттемелерін Басқарма Төрағасы өкілеттік берген Басқарма мүшесі орындаиды.
- 11.13.Басқарма мүшелері Қоғамның жетекшілік ететін бөлімшелері қызметіне бақылауды жүзеге асырады және Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің, Басқарманың шешімдері, Қоғам Басқарма Төрағасының бұйрықтары мен өкімдерінің орындалуын камтамасыз етеді.

## **12 бап.Ішкі аудит қызметі**

- 12.1.Қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды жүзеге асыру үшін Қоғамда Ішкі аудит қызметі құрылады.Ішкі аудит қызметінің басшысы және мүшелері Басқарма Төрағасының ұсынымен Директорлар кеңесінің шешімі негізінде тағайындалады және босатылады.Басқарма Төрағасының ұсынысы бойынша Ішкі аудит қызметі басшысы мен мүшелері өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.Ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін, жұмысшыларға енбекақы және сыйакы төлеу мөлшерін, шарттын айқындау Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатады.Қоғам атынан Ішкі аудит қызметі басшысымен және мүшелерімен еңбек шарттарына Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Директорлар кеңесі осыған өкілеттік берген тұлға қол қояды.
- 12.2.Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелері аудитке жататын қызмет түрлерін жүзеге асыруға немесе басқаруға қатыспауга тиіс, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен Басқарма құрамына сайлана алмайды.
- 12.3.Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар Кеңесіне бағынады және өз жұмысы жайлыш оның алдында есеп береді.
- 12.4.Ішкі аудит қызметінің құзыретіне жататындар: ішкі басқару жүйесінің, тәуекелдерді басқару жүйесінің барабарлығы мен тиімділігін тексеру және бағалау; бұрыннан келе жатқан қаржылық, ұйымдастыру, операциялық ақпараттың сенімділік, уақытында ұсынылуы және дәйектілігіне мониторинг және бағалау; Қоғамның, Қоғамдағы барлық жұмысшылардың Қазақстан Республикасы заңнамасы, осы Жарғы талаптарын, Қоғамның ішкі ережелері мен процедураларын сактауын бақылау, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген қызметті жүргізуі және жүзеге асыруды реттемелейтін ішкі құжаттардың бекітілуін бақылау; еншілес компаниялар қызметін қоса алғанда, Қоғамның барлық бөлімшелерін тексеруді ұйымдастыру және жүргізу; Қазақстан Республикасы заңнамасында және/немесе Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген Ішкі аудит қызметі құзыреті шегіндегі өзге де функциялар.

## **13 бап.Қоғам акционерлеріне оның қызметі туралы ақпарат беру тәртібі және Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғаларының олардың үлестес тұлғалары туралы ақпарат беру тәртібі**

- 13.1.Қоғам өз акционерлері мен инвесторларына Қоғамның келесі корпоративті оқигалары туралы ақпаратты қоса алғанда, құнды қағаздар ұсташыларының мүдделерін қозғайтын, Қоғам қызметіндегі өзгерістер туралы ақпаратты Қоғамның ([www.life.stdi.kz](http://www.life.stdi.kz)) корпоративті интернет сайтында және (немесе) «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» баспа жариялау арқылы баспасөз басылымдарында жариялау арқылы жеткізуге міндетті:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер;
- 2) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес олар туралы ақпарат акционерлер мен инвесторларға жеткізілуге тиіс мәселелер тізбесі бойынша Директорлар кенесі қабылдаған шешімдер;
- 3) Қоғамның акциялар мен басқа бағалы қағаздар шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары жайлы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарды өтеу қорытындылары жайлы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;
- 4) Қоғамның ірі мәмілелер және жасалуына Қоғамның муддесі бар мәмілелер жасауы;
- 5) Қоғамның жеке капиталы мөлшерінен 25 (жиырма бес) және одан көп пайызды құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;
- 6) Қоғам активтерінен 5 (бес) және одан артық пайызды құрайтын сомага Қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;
- 7) Қоғамның өз қызметін жүзеге асыруға лицензия алуы, Қоғамның өз қызметін жүзеге асыруға бұрын алған лицензияларын тоқтата түру немесе тоқтату;
- 8) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;
- 9) Қоғам мүлкіне тыбым салу;
- 10) нәтижесінде теңгерімдік құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінен он және одан артық пайызды құрайтын Қоғам мүлкі жойылған төтенше сипат алатын мән-жайдың орын алуы;
- 11) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- 12) корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау;
- 13) Қоғамды мәжбүрлі қайта ұйымдастыру туралы шешім;
- 14) осы Жарғыға және Қоғамның бағалы қағаздар шығару андатпасына сәйкес, Қоғам акционерлері мен инвесторлар мүдделерін қозғайтын өзге де оқигалар.

13.2. Қоғам акционердің жазбаша талап етуімен оған Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген құжаттар көшірмелерін Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде беруге міндетті.

13.3. Акционердің құжаттар көшірмесін беру туралы сұрауының нысаны мен мазмұны мына талаптарға сәйкес келуге тиіс:

1. Сұрау міндетті түрде жазбаша нысанда жасалады және оған акционер өз қолымен қол қояды, ал акционер заңды тұлға болып табылатын жағдайларда – сұрауға акционердің уәкілетті тұлғасы қол қойып, заңды тұлғаның (болған жағдайда) мөрімен расталады.
2. Жеке тұлғаның сұрауына жеке куәліктің нотариуспен куәландырылған көшірмесі, заңды тұлға үшін заңды тұлға (болған жағдайда) мөрімен расталған сұрауға қол қойған тұлға уәкілеттігін куәландыратын құжат тіркеледі.
3. Сұрау дәйекті болуға, яғни құжаттардың сұралатын көшірмелерін алу және пайдалану мақсаттарын міндетті көрсетумен, Қоғамның акционерге беретін құжат көшірмесі қолжетімді болатын тұлғалар тобын көрсетумен жазылуға тиіс.
4. Сұрау акционер үшін көшірмесі талап етіліп отырган нақты құжатты көрсетуге тиіс. Қоғам, егер сұрау нақты құжатты сәйкестендіруге мүмкіндік бермейтін кең түсініктегі тұжырудан тұратын болса, құжаттар көшірмелерін бермеуге құқылы.
5. Қоғам акционерлік қоғамдар туралы қолданыстағы заңнамада көзделген мөлшерде сұралған құжат көшірмесін әзірлеу үшін алдын-ала төлемді талап етуге құқылы.

13.4. Акционердің осы баптың 13.1 тармағында көзделген ақпарат және мәлімет алумен байланысы жок өзге сұраулары мен өтініштері осы Жарғының 7-бабының 7.1.тармағының 9 тармақшасына сәйкес Қоғамға жазбаша сұрау келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн бойында Қоғамның қарауына жатады.

13.5. Қоғам, егер акционердің сұрауы осы баптың 13.3 тармағында көрсетілген нысанға және мазмұнға сәйкес келмесе, не болмаса егер баптың 13.3-тармағы 5) тармақшасына сәйкес құжат көшірмесінің әзірленуі үшін акционер төлемді жүзеге асырмаса, не болмаса акционер сұратқан мәліметтер осы баптың 13.6.тармағына сәйкес Қазақстан

Республикасы заңнамасы қорғайтын құпияны құрайтын сақтандыру, қызметтік, коммерциялық және өзге құпияны құрайтын ақпараттан тұрса, Қоғам осы баптың 13.2 тармағына сәйкес акционер сұратқан құжаттар көшірмесін бермеуге құқылы.

13.6. Егер акционер сұратқан мәліметтер Қазақстан Республикасы заңнамасы және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары, Қазақстан Республикасы заңнамасы қорғайтын құпияны құрайтын сақтандыру, қызметтік, коммерциялық және өзге құпияны құрайтын ақпаратқа жатқызылса, Қоғам, ақпарат сипаты, мазмұны мен осындай мәліметтерді Қоғамнан тыс жерлерге ұсынудың әлеуетті тәуекелдеріне қарай, аталмыш әрекеттердің бірін жүзеге асыруға құқылы:

- 1) Акционердің талап еткен ақпаратын, Қоғам акционер Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен нысан бойынша Коммерциялық, қызметтік немесе заңмен коргалатын өзге құпияны жарияламау туралы міндеттемені ұсынғаннан кейін, Қоғамның үй-жайында онымен визуалды танысуы үшін ұсынуға.
- 2) Акционерге оны ұсынудан дәлелді жазбаша бас тарту жолдай отырып, ақпаратты ұсынбауга.

13.7. Ақпаратты Қазақстан Республикасы заңнамасы қорғайтын құпияны құрайтын сақтандыру, қызметтік, коммерциялық және өзге құпияға жатқызу тәртібі, сонда-ақ оны ұсынудың өзге де шарттары Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында айқындалады.

13.8. Акционерлер мен лауазымды тұлғалар, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалар Қоғамның осындай мәліметтерді ашуы үшін Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген нысан бойынша қағаз және/немесе электронды тасығышта Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді беруі жолымен осындай үлестестік туындаған күннен бастап жеті күнтізбелік күн бойында Қоғамға ұсынуға міндетті. Ақпарат өзгерген жағдайда, бұрын аталмыш ақпаратты ұсынған тұлға Қоғамға оның туындаған күннен бастап жеті күнтізбелік күн бойында осындай өзгерістер туралы хабарлауға міндетті.

#### **14 бап. Қоғамның құқықтық мәртебесінің өзгеруі және қызметінің тоқтауы**

14.1. Қоғамның ерікті тұрде қайта ұйымдастырылуы (бірігуі, косылуы, бөлінуі, бөлектенуі, қайта құрылуы) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіpte және ерекшеліктерді ескерумен уәкілетті мемлекеттік орган рұқсатымен Қоғамның Акционерлерінің жалпы жиналысы шешімімен жүзеге асырылуы мүмкін.

14.2. Мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес сот шешімімен жүргізіледі.

14.3. Қоғамды тарату.

14.3.1. Қоғам:

- 1) уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты болған жағдайда оның акционерлерінің шешімімен (ерікті таралу);
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімімен (мәжбүрлеп тарату) таратылуы мүмкін.

14.3.2. Қоғам қызметінің тоқтатылуы, сонымен бірге банкроттық негіздемесі бойынша, Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

14.3.3. Қоғамды тарату процедурасы және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібін Қазақстан Республикасы заңнамасы реттемелейді.

#### **15 бап. Қорытынды ережелер**

15.1. Осы Жарғы оның Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіpte мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді. Осы Жарғыга өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіpte енгізіледі.

15.2. Егер осы Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз деп танылса, бұл оның басқа

ережелерін қозгамайды.

15.3. Осы Жарғыда көзделмеген барлық басқа жағдайларда Қоғам өзінің қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін басшылыққа алады.

15.4. Қоғамның қызметіне жататын акционерлер, Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелері арасындағы келіспеушіліктер Қоғамның Акционерлері жалпы жиналышына шығарылуы мүмкін.

Оларды ретке келтіру мүмкін болмаған жағдайда даулар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешіледі.

15.5. Осы Жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде әрбір тілде 3 (үш) данадан жасалды. Осы Жарғының әрбір данасы бірдей занды күшке ие.

Қоғам акционерлері үшін және олардың атынан  
«Standard Life» ӨСК» АҚ Басқарма Төрағасы

Рахманкулов С.Т.

Рахманкулов Сапар Рахманкулов

Республика Казахстан, город Алматы,

Двадцать четвертое ноября две тысячи шестнадцатого года,

Я, Сактыбаева Евгения Германовна, частный нотариус города Алматы, действующая на основании государственной лицензии № 0003438 от «01» августа 2011 года, выданной Комитетом регистрационной службы и оказания правовой помощи Министерства юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Председателя Правления Акционерного Общества «Компания по страхованию жизни «Standard Life» Рахманкулова Самата Толеугалиевича, которая совершена в моем присутствии. Личность его установлена, дееспособность и полномочия проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 5234

Сумма, оплаченная частному нотариусу 2333 тенге, в т.ч. тариф 2121 тенге.

Нотариус



КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ МИНИСТЕРЛІГІ	
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ	
МЕДЕУ АУДАҢДЫК ӘДЛЕТ БАСҚАРМАСЫ	
Номмурленген тілдеген жөнө мэр	
БАСЫЛҒАНЫ ЗАРДАЛЫ	
ЛАРЛАК	
2016 ж. «15» 12	
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРДА АЛМАТЫ	
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА	
ВСЕГО ПРОНУМЕРОВАНО, ПРОШНУРОВАНО И	
СКРЕПЛЕНО ПЕЧАТЬЮ НА _____ ЛИСТАХ	
15 12 16	
екреплено печатью на _____ листах	
15 12 20	



Пронумеровано и прошнуровано

на 94 листах

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОДАСЫНДЫК АЛМАТЫ НАДАСЫН ВИНОГДАТ ДЕПАРТАМЕНТИ  
МЕДЕУ АУДАРЫН ЗАЛІЗЕТ БАСКАРМАСЫ  
НОММЕРЛЕНІПТІН ПІЛДЕН ЖОНСЫ МОР

САСЫГАНЫНДАРДЫҢ ЛАРПАЙ

2016 15 12

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ИЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА

ВСЕГО ПРОНУМЕРОВАНО, ПРОШНУРОВАНО И  
СКРЕПЛЕНО ПЕЧАТЬЮ НА 15 листах

15 12 16

